

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 28 қазандағы № 1100 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 қазанда № 33587 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әскери міндептілер мен әскерге шақырылушиларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

Әскери міндептілер мен әскерге шақырылушиларды әскери есепке алу қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 350 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15861 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 26-15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларында:

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Әскери-есептік мамандықты әскери оқытылған резервті дайындау бағдарламасы бойынша оқуды бітіргені туралы сертификатқа және алынған мамандыққа сәйкес ЖЭБО береді.";

Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Жеңілдігі бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері мен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушыларға) анықтамалар беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № 500 бүйрекшілдегі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі № 23848 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бүйрекшілдегі енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 4 қантардағы № 2 бүйрекшілдегі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі № 31636 болып тіркелген) бекітілген Өзгерістер енгізілетін кейбір бүйрекшілдегі тізбесінің 3-тармағының күші жойылды деп танылсын.

5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрекшілдегі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрекшілдегі алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін; 4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс оргалығына, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына, Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органдарына және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына жолдауды қамтамасыз етсін.

6. Осы бүйрекшілдегі орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

7. Осы бүйрекшілдегі мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

8. Осы бүйрекшілдегі алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

R. Жаксылыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының Цифрлық
даму, инновациялар және аэрогарыш
өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік күзет қызметі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Сыбайласжемқорлыққақарсы

іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы қызмет)
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2023 жылғы 28 қазандығы
№ 1100 бұйрығына
1-косымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 24 қантардағы
№ 28 бұйрығымен
бекітілген

Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Әскери есепке алуға:

- 1) әскери-есептік мамандығы (бұдан әрі – ӘЕМ) жоқ әйелдерден;
- 2) әскери қызметтөн отставкаға шығарылған немесе запаста болудың шекті жасына толуына байланысты әскери есептен алып тасталған не әскери есептен алып тасталып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдардан;
- 3) бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жүрген адамдардан;
- 4) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардан;

5) Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларынан басқа Қазақстан Республикасының азаматтары жатады.

3. Осы Қағидаларда:

- 1) әскери есепке алу құжаттарының нысандары және оларды жүргізу тәртібі;
- 2) азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу тәртібі;
- 3) әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алууды жүргізу;
- 4) занды тұлғалардың әскери есепке алууды жүргізу;
- 5) құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеретін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алууды жүргізу ерекшеліктері;
- 6) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі;

7) мемлекеттік қызмет көрсетеу мәселелері бойыншалауазымды адамдардың шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі көзделеді.

4. Әскери есепке алушының негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарын (бұдан әрі – азаматтар) әскери қызметке шақыруды және Қазақстан Республикасында жұмылдыру жүргізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырып түрде жүргізуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасындағы әскерге шақырылуышылар мен әскери міндеттілер ресурсының сандық және сапалық құрамын айқындау;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жасақтауды және жұмылдыра өрістетуді қамтамасыз ету үшін әскери міндеттілер мен әскерге шақырылуышылар қатарынан әскери мамандарды даярлау және жинақтау болып табылады.

5. Азаматтардың әскери есепте тұру ұзақтығы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Занға (бұдан әрі – Заң) сәйкес айқындалады.

Жасы бойынша әскери міндеттілер мынадай есепке алу разрядына бөлінеді:

1) бірінші разрядта мыналар тұрады:

запастағы офицерлер – 50 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

запастағы сержанттар (старшиналар), сарбаздар (матростар) – 40 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

2) екінші разрядта мыналар тұрады:

запастағы офицерлер – 51-ден 60 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

запастағы сержанттар (старшиналар), сарбаздар (матростар) – 41-ден 50 жасқа дейінгіні қоса алғанда.

Әскери қызметші әйелдер әскери есепте екінші разрядта тұрады:

запастағы офицерлер – 45 жасқа дейінгіні қоса алғанда;

запастағы сержанттар (старшиналар), сарбаздар (матростар) – 35 жасқа дейінгіні қоса алғанда.

"Старшина", "аға корабль старшинасы", "прапорщик", "мичман", "аға прапорщик", "аға мичман" әскери атақтары бар әскери қызметтен шығарылған әскери қызметшілер мен запаста тұрған азаматтар 50 жасқа дейінгіні қоса алғанда, екінші разрядта әскери есепте тұрады.

6. Жергілікті әскери басқару органдары (бұдан әрі – ЖӘБО) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ҚР ҚМ АЖ) қолдана отырып, қызмет көрсетілетін әкімшілік аумақта тұратын әскерге шақыру жасына дейінгілерді дербес есепке алушы жүзеге асырады.

7. Әскери есепке алу жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы әскери есепке алуша осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген жас бойынша және негіздер бойынша әскери есепке алынуға жататын әскери міндеттілер мен әскерге шақырылуышылар, сондай-ақ жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңіне және

соғыс уақытына мемлекеттік органдар мен ұйымдарға броньға қойылмаған әскери міндеттілер тұрады.

Арнайы әскери есепке алуда мемлекеттік органдар мен ұйымдарға броньға қойылатын әскери міндеттілер тұрады.

8. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышыларды әскери есепке алуды олардың тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО жүзеге асырады.

Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында ҚР ҚМ АЖ пайдалана отырып, қызмет көрсетілетін әкімшілік аумақта тұратын барлық әскери міндетті мен әскерге шақырылышыны дербес есепке алу жүргізіледі.

Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышыларды әскери есепке алуды ұйымдастыруды және қамтамасыз етуді жергілікті атқарушы органдар (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың) жүзеге асырады.

Занды тұлғалар оларда жұмыс істейтін (оқитын) әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышылар бар болған кезде осы Қағидаларға сәйкес әскери есепке алуды жүргізеді. Занды тұлғалардың әскери есепке алуды жүргізуіне жалпы басшылық жасауды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ЖӘБО-сы жүзеге асырады.

9. Жергілікті атқарушы органдар (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың) әскери есепке алуды жүргізу үшін мынадай есеппен есепке алу жұмыскерлерін бөледі:

1) ауданың (республикалық және облыстық маңызы бар қаланың, астананың) ЖӘБО-сына – 2500 әскери міндетті мен әскерге шақырылышыға бір есепке алу жұмыскері;

2) ЖӘБО жоқ елді мекендерде – 500 әскери міндетті мен әскерге шақырылышыға бір есепке алу жұмыскері.

10. Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында:

1) әскерге шақыру участасынан тіркеу жылында 17 жасқа толатын ер азаматтары;

2) ер азаматтары, оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, бұрын әскери есепте тұрмagan адамдар;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар;

4) білім беру үйімдарын бітіргеннен кейін әскери-есептік мамандық алған әйел жынысты азаматтары алғашқы әскери есепке алынуға жатады.

Осы тармақтың 2) – 4) тармақшаларында көзделген жағдайда азаматтарды әскери есепке қою осы Қағидалардың 75-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Көрсетілген санат азаматтарына "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі – ЖТ МДК) ҚР ҚМ АЖ-ға:

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН);

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

туған күні, айы, жылы;
ұлты;
туған жері;
тіркелген тұрақты тұрғылықты жері бойынша;
уақытша болатын (тұратын) жері бойынша (бар болса);
отбасы жағдайы;
жақын туыстары туралы мәліметтер береді.

27 жасқа толмаған, Қазақстан Республикасының азаматтығын алған және басқа мемлекетте әскери (балама) қызмет өткермеген адамдар әскерге шақырылушылардың әскери есебіне қабылданады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО әскери міндептілер мен әскерге шақырылушылардың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілген болса) өзгерткені, туған күні, айы, жылы, туған жері туралы; қайтыс болуын тіркеу туралы; мүгедек болып қалғаны туралы; тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және азаматтарды тіркеу есебінен шығару туралы; диспансерлік есепте тұруы туралы; әскери есептен шығарылуға жататын азаматтардың денсаулық жағдайы туралы; жұмыс орны туралы; білімі туралы; адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасауының бар болуы немесе болмауы туралы мәліметті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету арқылы көрсетілген бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органдардың ақпараттық жүйесінен алады.

Техникалық сипаттағы істен шығуға байланысты ҚР ҚМ АЖ-ға жіберілмеген мәліметтер, олар жойылғаннан кейін ЖТ МДҚ-ға жолданады.

Медициналық (әскери-дәрігерлік) комиссиялар әскери есептен алып тастай отырып, әскери қызметке жарамсыз деген таныған азаматтар әскери есепке қабылданбайды.

11. Азаматтарды кейіннен әскери есепке қоюды:

1) ЖТ МДҚ-дағы жаңа тұрғылықты жерге тіркелуі бойынша мәліметті ҚР ҚМ АЖ-дан алған;

2) әскери қызметтен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтен запасқа шығарған, курсанттарды, тыңдаушыларды әскери, арнайы оқу орындарынан шығарған;

3) бұрын әскери есепте тұрган азаматтарды бас бостандығынан айыру орындарынан босатқан жағдайда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы жүзеге асырады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайда азаматтарды әскери есепке қою осы Қағидалардың 78-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Азаматтарды тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда әскери есептен шығаруды ЖӘБО жүзеге асырады.

Тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеуден шығарылған азаматтар соңғы тұрғылықты жері бойынша әскери есепте тұрады.

12. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы мынадай санаттағы азаматтарды әскери есептен шығарады:

1) әскери қызметке шақырылған және әскерге жөнелтілген;

2) әскери, арнаулы оқу орындарына курсант болып қабылданған;

3) құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың арнайы есебіне қабылданған;

4) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеу үшін сottalған.

13. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы мынадай санаттағы азаматтарды әскери есептен шығарады:

1) запаста болудың шекті жасына жеткен;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

3) денсаулық жағдайы бойынша "әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз" деп танылған;

4) "мерзімсіз" деп айқындалған, 1-топ мүгедектігі бар адам болып танылған;

5) қайтыс болған.

Осы тармақтың 2) – 5) тармақшаларында көзделген санаттар бойынша азаматтарды әскери есептен шығаруды ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-кимыл жасауды қамтамасыз ету арқылы алынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

ЖӘБО азаматтарды әскери есептен шығару туралы негізгі есепке алу құжаттарына тиісті өзгерістер енгізеді.

Әскери есептен шығарылған азаматтардың жеке істері архивке тапсырылады, онда олар 1 жыл сақталады және акт ресімдей отырып жойылады.

14. Әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылар:

1) өзімен бірге жеке әскери есептік құжатын (бар болса), Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен жүргізуши куәлігін (бар болса) немесе цифрлық құжаттар сервисінен жеке куәлігі мен жүргізуши куәлігінің (бар болса) электрондық құжатын алып, шақырту (шақырту қағазы) бойынша белгіленген уақытта және жерге ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына баруы;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери билеті жоғалған (бұлінген) жағдайда телнұсқа алу үшін 7 жұмыс күні ішінде порталға жүгінуі қажет.

2-тарау. Әскери есепке алу құжаттары

15. Әскери есепке алу құжаттары әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылардың жеке әскери есептік құжаттары, арнаулы мемлекеттік органдар запастағы офицерлерінің жеке құжаттары, негізгі есепке алу құжаттары және анықтамалық сипаттағы құжаттар болып бөлінеді.

16. Жеке әскери есептік құжаттарға мыналар жатады:

1) әскери міндеттілер үшін:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері запастағы офицерінің әскери билеті (бұдан әрі – запастағы офицердің әскери билеті);

арнаулы мемлекеттік органдар запастағы офицерінің әскери билеті;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сержанттың, сарбаздың әскери билеті (бұдан әрі – сержанттың, сарбаздың әскери билеті);

жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы куәлік;

2) әскерге шақырылушылар үшін – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – тіркеу туралы куәлік).

17. Негізгі есепке алу құжаттарына мыналар жатады:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақырылушының жеке ісі (бұдан әрі – әскерге шақырылушының жеке ісі);

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери міндеттінің есепке алу карточкасы (бұдан әрі – есепке алу карточкасы);

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша № Т-2 нысанындағы жеке карточка (бұдан әрі – жеке карточка);

есептік-қызметтік карточка (офицерлер үшін);

әскери міндеттіні арнайы әскери есепке тіркеу туралы хабарлама.

18. Анықтамалық сипаттағы құжаттарға:

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әліпбелік карточка (бұдан әрі – әліпбелік карточка);

электрондық есепке алу карточкасының көшірмесі жатады.

19. Әскери есепке алу құжаттары азамат туралы мынадай мәліметтерден тұруға тиіс

:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН);

2) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

3) әскери атағы;

4) туған күні, айы, жылы;

5) ұлты (адамның тілегі бойынша көрсетіледі);

6) тұрғылықты жері немесе уақытша тұру орны;

7) отбасы жағдайы;

8) білімі;

9) жұмыс орны;

10) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылығы;

11) негізгі антрометрикалық деректері;

- 12) әскери қызмет өткериуі;
- 13) әскери жиындардан өтуі;
- 14) шетел тілін менгеруі;
- 15) жүргізуші куәлігінің бар болуы;
- 16) әскери-есептік және азаматтық мамандықтардың бар болуы;
- 17) спорттық разрядтың немесе спорттық атақтың бар болуы.

Азаматтарға арналған 1) – 9) тармақшалар бойынша ЖӘБО мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету арқылы алады.

3-тaraу. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу

20. Жыл сайын қантар – наурызда тіркеу жылында 17 жасқа толатын ер азаматтар әскерге шақыру учаскелеріне тіркеледі.

Тіркеуді тиісті жергілікті атқарушы органдар ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сымен бірлесіп, азаматтарды әскери есепке қабылдау, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау, білім деңгейін, алған мамандығы мен дене шынықтыру дайындығы деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырады және жүргізеді.

Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы деректер негізінде ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы әскерге шақыру ресурсын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары бойынша алдын ала бөлуді, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша оқыту үшін кандидаттарды алдын ала іріктеуді жүргізеді және әскери, арнаулы оқу орындарына түсуге ниет білдірген адамдарды іріктеїді.

Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді олардың тұрақты тұрғылықты жері бойынша ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы жүргізеді.

21. Азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу алдында ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы жыл сайын мынадай дайындық жұмысын жүргізеді:

1) жыл сайын 1 қарашаға дейін аудандық (қалалық) статистика органдары және/немесе мемлекеттік кіріс органдары арқылы аудан (қала) занды тұлғаларының тізбесін нақтылайды;

2) жыл сайын 1 желтоқсанға қарай ауданың (қаланың) занды тұлғаларынан осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақыру учаскесіне тіркелуге жататын азаматтар тізімін (бұдан әрі – азаматтар тізімі) сұратады. Әскерге шақыру учаскесіне бұдан бүрын тіркелмеген жасы үлкен азаматтар да осы азаматтар тізіміне жазылады;

3) есепке алу құжаттарының занды тұлғалардан алынған әскерге шақыру участекелеріне тіркелуге жататын азаматтар тізіміне сәйкес келуін тексереді;

4) тіркелуге жататын азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жасалған тізімін жұмыс немесе оку орны бойынша занды тұлғалардан алынған азаматтардың ұқсас тізімімен салыстырып тексереді;

5) жыл сайын 25 желтоқсанға дейін салыстырып тексерілген тізім негізінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақыру участекесіне тіркелуге жататын азаматтардың жиынтық тізімін жасайды;

6) тіркелуге жататын азаматтарға:

медициналық ұйымдардан: соңғы он екі ай ішінде созылмалы ауру мен инфекциялық және паразитарлық ауруға шалдығу себебінен диспансерлік есепте тұратыны туралы мәліметтерді, амбулаторлық пациенттің медициналық картасын, профилактикалық егу картасын, амбулаторлық, стационарлық науқастанған адамның медициналық картасынан үзіндіні, азаматтардың денсаулық жағдайын сипаттайтын медициналық құжаттарды, рентгенограмманы, арнайы зерттеу әдісі хаттамаларын;

девиантты мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдерге арналған орта білім беру ұйымдарынан – медициналық-педагогикалық мінездемені;

денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарынан – стационарлық (амбулаторлық) тексерілуге және емделуге мүқтаж әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтар тексерілуге және емделуге бекітілетін медициналық ұйымдар тізімін сұратады.

15-16 жастағы азаматтар, әскерге шақыру участекесіне тіркелуге жататын азаматтар, сондай-ақ жұмыс орны бойынша әскери міндеттілер мен әскерге шақырылуышылар туралы мәліметтерді ЖӘБО мемлекеттік органдар ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылды арқылы алады.

Сұратылатын мәліметтерді ЖӘБО мемлекеттік органдар ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылды арқылы алады.

22. Азаматтарды әскерге шақыру участекелеріне тіркеуде бойынша мынадай жұмыс жүргізіледі:

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сы:

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы үшін азаматтарды әскерге шақыру участекелеріне тіркеуді жүргізу іс-шаралары мен мерзімі туралы ұйымдастыру-әдістемелік нұсқаулар әзірлейді;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы бастықтарымен азаматтарды әскерге шақыру участекелеріне тіркеуді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі бір күндік нұсқау беру-әдістемелік сабак өткізеді;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы:

азаматтарды әскерге шақыру участекесіне тіркеуге дайындалу және оны жүргізу жоспарын әзірлейді, онда:

азаматтарды әскерге шақыру участкесіне тіркеу үшін хабардар ету және шақыру мерзімі;

тізім жасау мерзімі және азаматтардың әскерге шақыру участкесіне тіркелуге келуінің күндер бойынша есебі (күніне 51 адамға дейін);

тәрбие және идеологиялық жұмыс іс-шараларын жүргізу;

әскерге шақыру пункттерінің үй-жайларын қажетті жабдықпен қамтамасыз ету;

тіркелетін адамды медициналық куәландыру үшін дәрігер мамандарды іріктеу;

азаматтарды әскерге шақыру участкесіне тіркеуді ұйымдастырып түрде және сапалы жүргізуді қамтамасыз ету үшін есепке алу жұмыскерлерінің, қызмет көрсететін персонал мен көліктің қажетті санын бөлуге арналған есеп;

тіркеу үшін тартылатын адамдарға нұсқау беруді өткізу мерзімі көзделеді.

23. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізуге байланысты қажетті шығысқа өтінімдерді тиісті әкімдіктерге (жергілікті атқарушы органдарға) (бағдарламалар әкімшілеріне) ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы жыл сайын 15 қарашаға дейін азаматтарды әскерге шақыру участкелеріне тіркеуді уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз ету бойынша жоспарланатын іс-шаралар, ұсыныстар туралы тиісті әкімдерді хабардар етеді.

24. Азаматтарды тіркелуге келу туралы хабардар ету осы Қағидаларға 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша шақырту қағазы (бұдан әрі – шақырту қағазы) арқылы жүргізіледі, оларды азаматтарға тапсыруды жергілікті атқарушы органдар және заңды тұлғалар тіркелуге келуге белгіленген мерзімге дейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

25. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы белгілеген мерзімде азаматтардың әскерге шақыру участкелеріне келмеуінің дәлелді себептері:

- 1) еңбекке қабілетін жоғалтуға байланысты сырқаттануы (жарақаттануы);
- 2) жақын туысының (заңды өкілінің) қайтыс болуы немесе ауыр сырқаттануы;
- 3) азаматты өзі келу мүмкіндігінен айырған табиғи сипаттағы кедергілер болып танылады.

Келмеу себептері тиісті құжаттармен расталады.

26. Тіркелуден ету үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы шақыртқан барлық азаматтар шақырту қағазында көрсетілген мерзімде және құжаттарымен әскерге шақыру участкелеріне келеді.

27. Әскерге шақыру участкелеріне тіркелуге жататын азаматтарға КР ҚМ АЖ-сында басқа да мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен қажетті мәліметтер сұралады. Көрсетілген мәліметтер азамат ұсынған құжаттармен салыстырылып тексеріледі.

Салыстырып тексеру қорытындысы бойынша алшақтық болмаған кезде азаматтарға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскерге шақырылушының есепке алу картасы және ҚР ҚМ АЖ-да электрондық есепке алу карточкасы толтырылады.

28. Әскерге шақыру участекелеріне тіркелуге жататын барлық азаматтар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 716 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеге (бұдан әрі – Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21869 болып тіркелген) сәйкес медициналық куәландырудан өтеді.

29. Осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтарды әскерге шақыру участекесіне тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітabyна жиынтық тізімге сәйкес әскерге шақыру участекелеріне тіркелуге жататын барлық азаматтар енгізіледі.

Қосымша медициналық зерттеу-тексеруге жіберілген азаматтар бойынша тіркеу жөніндегі комиссияның хаттамалар кітabyна мынадай жазба жасалады: "Қосымша зерттеу-тексеруге жіберілсін (қайда). 20__жылғы ___ ___ тіркелуге қайта келсін".

Тіркеу комиссиялары қосымша зерттеу-тексеру жүргізу нәтижесі негізінде көрсетілген азаматтар бойынша соңғы шешім қабылдайды, ол туралы комиссияның хаттамалар кітabyна қайта жазылады. Егер азаматтарды әскерге шақыру участекесіне тіркеу туралы қорытынды есеп беру жасалғанға дейін жекелеген адамдарды қосымша зерттеу-тексеру аяқталмаған болса, онда көрсетілген адамдар тіркеу туралы есеп беруде әскери қызметке уақытша жарамсыздар тізімі бойынша емделуге (медициналық қадағалауға) мұқтаж ретінде көрсетіледі.

30. Құжаттарды зерделеу және медициналық куәландыру нәтижесін ескере отырып, әскерге шақыру жасына дейінгі адаммен әңгімелесу негізінде тіркеу комиссиясының хаттамалар кітabyна енгізілетін мынадай шешім қабылданады:

- 1) "Әскери қызметке жарамды";
- 2) "Әскери қызметке шамалы шектеумен жарамды. Емделуге мұқтаж (ауыз қуысын санациялау, көздің көруін түзету)";
- 3) "Әскери қызметке уақытша жарамсыз. Емделуге (медициналық қадағалауға) мұқтаж";
- 4) "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды";
- 5) "Әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз".

Азамат тіркелуге келмеген кезде тіркеу комиссиясы келмеу себебін анықтайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады:

қайтадан шақыруға шара қабылдау туралы;
тіркелуге келмеген азаматтарды іздестіруді ұйымдастыру туралы;
сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдарды тіркеу мерзімін кейінге қалдыру туралы.

Тіркеу комиссиясының I немесе II топтағы мүгедектігі расталған, денсаулық жағдайы бойынша әскерге шақыру участкесіне келуге мүмкіндігі жоқ азаматтарға арналған шешімі занды өкілдері ұсынған құжаттар негізінде шығарылады.

31. Хаттамаға құнде тіркеу комиссиясының төрағасы және мүшелері қол қояды.
32. "Әскери қызметке уақытша жарамсыз. Емделуге (медициналық қадағалауға) мүқтаж" деген шешім сырқаты емделуге жататын адамдарға қатысты қабылданады.

33. Тіркеу кезінде "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп танылған адамдар кезекті әскерге шақыру кезінде медициналық куәландырудан өту нәтижесі бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сы облыстық әскерге шақыру комиссиясының шешімі негізінде запасқа шығарылады.

Әскерге шақырылышының есепке алу картасы растау құжаттарымен бірге жеке іске тігіледі және сақтау үшін архивке беріледі.

34. Емделуге (медициналық бақылауға) мүқтаж әскерге шақырылышылар ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында есепке алынады және олар туралы мәліметтер тіркеу аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде әскери қызметке уақытша жарамсыздар тізімі бойынша немесе әскери қызметке шамалы шектеумен жарамдылар тізімі бойынша емдеу-сауықтыру жұмысын жүргізу үшін денсаулық сақтау ұйымдарына беріледі.

Әскерге шақырылышыларды емдеу аяқталғаннан кейін денсаулық сақтау ұйымдары 7 жұмыс күні ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына жүргізілген емдеу-сауықтыру іс-шаралары туралы мәліметтерді ұсынады.

35. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы азаматтарды әскерге шақыру участкесіне тіркеу процесінде:

1) диагностика және емдеу хаттамасына сәйкес оларға осы Қағидаларға 13-қосымшага сәйкес нысан бойынша жолдама бере отырып, денсаулық сақтау ұйымдарына бекітіліп берілетін емделуге (медициналық қадағалауға) мүқтаж;

2) әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша Министрліктің мамандандырылған ұйымдарында денсаулық жағдайы бойынша оқытуға жарамды, ол туралы әскерге шақырылышының есепке алу картасына жазылады;

3) әскерге шақырылышының есепке алу картасында және оны зерделеу парагында ол туралы көрсете отырып, әскери оқу орындарына түсуге ниет білдірген әскерге шақырылышыларды анықтайды.

36. Тіркеу комиссиясы тіркелуге келген азаматтар санын күн сайын тексереді.

37. Мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында азаматтарға тіркеу туралы куәлік беріледі.

38. Азаматтарды әскерге шақыру участекелеріне тіркеу жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы:

1) барлық азаматтарды әскерге шақыру участекесіне тіркеуді толық қамту мақсатында жыл сайын сәуірде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында бар тіркелуден өткен азаматтардың есептік деректерін ауданның (республикалық маңызы бар қаланың, астана және облыстық маңызы бар қаланың) заңды тұлғаларының есептік деректерімен салыстырып тексеру жүргізеді;

2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында тіркелуден өткен әскерге шақырылушиларға арналған жеке істердің бар болуын тіркеу комиссиясы хаттамалары кітабының, есептік-әліпбілік кітаптың деректерімен және жиынтық тізіммен салыстырып тексереді, ол туралы еркін нысанда акт жасайды;

3) әскерге шақыру участекелеріне тіркеу бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындысы туралы есеп жасайды және 10 жұмыс күні ішінде оны әскерге шақырылушиларды медициналық куәландыру нәтижесі, өткен жылмен салыстырғандағы сапалық көрсеткіштер, сондай-ақ дәрігер мамандармен және диагностикалық жабдықпен қамтамасыз етілуі көрсетілетін түсіндірме жазбамен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сына және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктеріне ұсынады.

39. Әскерге шақыру участекелеріне тіркелуге жататын, бірақ тіркелу үшін белгіленген мерзімде келмеген азаматтар келмеу себептері анықталғаннан кейін жеке іс ресімдеп, есептік-әліпбілік кітапқа енгізе отырып, әскерге шақырылушилардың әскери есебіне қабылданады. Көрсетілген азаматтарды медициналық куәландыру және олардың жарамдылық санатын айқындау оларды әскери қызметке шақыру кезінде жүргізіледі.

40. Азаматтарды әскерге шақыру участекелеріне тіркеу жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сы:

1) жүргізілген азаматтарды әскерге шақыру участекелеріне тіркеу қорытындысы туралы есеп жасайды, оны түсіндірме жазбамен бірге жыл сайын 15 сәуірге қарай Министрлікке ұсынады;

2) 15 сәуірге дейін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) әкіміне тіркеу қорытындысы жөніндегі ақпаратты ұсынады.

4-тaraу. Әскерге шақырылушиларды есепке алу

41. Әскерге шақырылушиларды әскери есепке алу ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында ҚР ҚМ АЖ-дағы электрондық есепке алу карточкалары, жеке

істер бойынша және осы Қағидаларға 14-қосымшага сәйкес нысан бойынша есептік-әліпбілік кітап бойынша (бұдан әрі – есептік-әліпбілік кітап) жүргізіледі.

42. Есептік-әліпбілік кітапқа әскерге шақыру учаскесіне тіркелген барлық әскерге шақырылуши, оның ішінде тексеруге (емделуге) жіберілген, тіркеу кезінде әскери қызметке "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп танылған, басқа қорғаныс істері жөніндегі басқармалардан (бөлімдерден) келген, сондай-ақ азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізгеннен кейін келген адамдар енгізіледі.

43. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы:

1) әскерге шақырылушиларды дербес есепке алуды жүргізеді, әскерге шақырылушиларды әскери есепке қабылдауды және жаңа тұрғылықты жерге кеткен кезде оларды есептен шығаруды ресімдейді;

2) әскерге шақырылушилардың жеке істері мен басқа да әскери есептік құжаттарына отбасы жағдайының, білімінің, мамандығының, жұмыс орнының, тұрғылықты мекенжайының өзгергені туралы мәліметтерді енгізеді;

3) мерзімді әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған әскерге шақырылушиларды есепке алуды жүргізеді және оларды кейінге қалдыру заңдылығын бақылауды жүзеге асырады;

4) әскери есептік жұмысты жүзеге асыратын адамдармен нұсқау беру-әдістемелік сабактар өткізеді;

5) жылына бір ретten сирек емес заңды тұлғалардың әскерге шақырылушиларды есепке алуының жай-күйін тексереді және әрбір әскерге шақыру алдында олардың есептік деректерін аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының әскери есепке алу деректерімен салыстырып тексереді;

6) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдерін әскерге шақырылушиларды әскери есепке алудың жай-күйі туралы хабардар етеді және қажет болған кезде бұл мәселені олардың қарауына шығарады.

44. Әскерге шақырылушилардың бар болуын есепке алу және олардың қозғалысын (кетуін, келуін) бақылау үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында осы Қағидаларға 15-қосымшага сәйкес нысан бойынша қорғаныс істері жөніндегі басқармада (бөлімде) әскери есепте тұратын әскерге шақырылушилардың қозғалысын есепке алу журналы жүргізіледі, онда апта сайын әскерге шақырылуши ресурстың құрамындағы өзгерістер көрсетіледі.

45. Есепке алу-әліпбілік кітаптар және жеке істердің болуы әскерге шақырылушилардың санын және олардың қозғалысын көрсетеді. Есепке алу-әліпбілік кітаптардағы және әскерге шақырылушилардың жеке істеріндегі барлық жазба мен белгі тіркеу жөніндегі комиссиялардың және әскерге шақыру комиссияларының тиісті шешімдеріне және жазылған жазбалар мен белгілердің заңдылығы мен негізділігін растайтын басқа да ресми құжаттарға сілтемелер жасай отырып, жүргізіледі.

Есепке алу-әліпбілік кітаптарда және әскерге шақырылышылардың жеке істерінде өшірuler мен расталмаған түзетулерге жол берілмейді. Есепке алу-әліпбілік кітаптардағы және әскерге шақырылышылардың жеке істеріндегі түзетулерге ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығы қол қояды және ол елтаңбалы мөрмен расталады.

46. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында әскерге шақырылышылардың барлық жеке ісі мынадай жүйелілікпен картотекалар бойынша бөлінеді:

1) ағымдағы жылы әскерге шақыру участесіне тіркелгендер (ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында және ауылдық округтер бойынша әліпби бойынша);

2) мерзімді әскери қызметке әскерге шақырылуға жататындар, мамыр – маусымда, қыркүйек – желтоқсанда бөлек (ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында және ауылдық округтерде әліпби бойынша);

3) әскерге шақыруды кейінге қалдыру құқығы барлар (карточка кейінге қалдыру сипаты бойынша жасалады: "отбасы жағдайы бойынша", "білім алуды жалғастыру үшін", "денсаулық жағдайы бойынша", "басқа да себептер бойынша");

4) әскери оқу орындарына оқуға түсін кандидаттар;

5) мамандандырылған картотека (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін жасақтау үшін тағайындалған әскерге шақырылышылардың жеке істерін есепке алу);

6) қылмыстық құқық бұзушылық жасағандар.

Жоғарыда көрсетілген картотекалардың әрқайсысындағы жеке істер қатаң әліпби бойынша бөлінеді.

Денсаулық жағдайы бойынша бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз деп, соғыс уақытында шектеулі жарамды және әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз деп танылған әскерге шақырылышылардың жеке істері архивке тапсырылады.

47. Әскерге шақырылышыларды әскери есепке қою ҚР ҚМ АЖ-да ЖТ МДК-дан жаңа түрғылықты жерге тіркелу туралы хабарлама алған кезде мынадай іс-шараларды жүргізе отырып жүзеге асырылады:

1) есептік-әліпбілік кітапқа әскерге шақырылушки туралы деректер енгізіледі;

2) әліпбілік карточканың 2 данасы толтырылады, оның бір данасы әскерге шақырылышының жеке ісін алғанға дейін жеке папкада сақталады, ал екіншісі әскери есепке алынған күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей, оның жеке ісін жолдау туралы сұрау салып, әскерге шақырылышының бұрынғы әскери есепке алынған жері бойынша ЖӘБО бастығына жолданады. Сұрау салуда әскери есептен шығару себептері және жаңа түрғылықты тұратын мекенжайы көрсетіледі;

3) әскерге шақырылушылардың жеке істерін алғанға дейін олар ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында сақталатын әліпбілік карточкалар бойынша есепке алынады және есеп беруді жасау кезінде бұл адамдар әскери есепте тұрған әскерге шақырылушылар қатарына қосылады;

4) әскерге шақырылушының жеке ісі келіп түскен кезде есептік-әліпбілік кітапқа және есепке алу картасына тиісті белгі қойылады.

Келіп түскен жеке іс тексерілгеннен кейін тиісті картотекаға орналастырылады. Әліпбілік карточка еркін түрде акт ресімдегі отырып, жойылады.

48. Бұрын әскери қызмет өткермеген және жазасын өтеу орнынан босатылған әскерге шақыру жасындағы адамдарға осы Қафидаларда белгіленген тәртіппен жеке іс жасалады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған әскерге шақырылушылар әскери міндettілердің әскери есебіне беріледі.

49. "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп танылған әскерге шақырылушылар бейбіт уақытта Әскери-дәрігерлік сараптама қафидаларына сәйкес медициналық қайта куәландырудан өтеді.

50. Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына әскерге шақырылушының жеке ісін жаңа тұрғылықты жеріне жіберу туралы сұрау салу келіп түскен кезде мынадай жұмыс жүргізіледі:

картоекадан әскерге шақырылушының жеке ісі алынады, оның есепке алу картасында кеткен күнін және кеткен жерінің мекенжайын көрсетіп, әскери есептен шығару туралы белгі жасалады;

әскерге шақырылушының жеке ісіне сұрау салу тиісті іске тігіледі, ол 1 жыл сақталады;

есептік-әліпбілік кітапта әскери есептен шығарылған күні, әскерге шақырылушының қай ауданға, қалаға немесе елді мекенге кеткені көрсетіледі, сондай-ақ шығыс нөмірін, күнін және ол жолданған ЖӘБО-ны көрсетіп, әскерге шақырылушының жеке ісін жіберу туралы белгі жасалады.

51. Мерзімді әскери қызметке жөнелтілген әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сынан облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) ЖӘБО-сының облыстық жиын пунктіне (бұдан әрі – ОЖП) жолданған мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтардың атаулы тізімінің (бұдан әрі – атаулы тізім) екінші даналары негізінде жүргізіледі.

ОЖП-да толтырылатын атаулы тізімде әрбір әскерге шақырылушының тегінің тұсына команданың жөнелтілген күні мен нөмірі көрсетіледі. Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына қайтарылған әскерге шақырылушыларға қайтару себебі көрсетіледі. Әскерге шақырылушыларды жөнелту және қайтару туралы белгіге ОЖП бастығы қол қояды және облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)

ЖӘБО-сының елтаңбалы мөрімен куәландырылады. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сынан алынған атаулы тізімнің екінші даналары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында қызметтік құжаттарды есепке алу журналы бойынша есепке алғынады.

Мерзімді әскери қызметкө жөнелтілген әскерге шақырылышыларды әскери есептен шығару кезінде аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сы жұмысының жүйелілігі:

1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО-сынан алынған атаулы тізім негізінде әскерлерге жөнелтілген әскерге шақырылышылардың жеке істері іріктеліп алғынады;

2) әскерге шақырылышының есепке алу картасында команданың нөмірі мен әскерге шақырылышының әскери бөлімге жөнелтілген күні көрсетіледі (жазбаға аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының лауазымды адамы қол қояды);

3) есептік-әліпбилік кітапта "Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскерге шақыру туралы белгі" деген бағанда команданың жөнелтілген күні мен нөмірі көрсетіледі;

4) әскерлерге жөнелтілген әскерге шақырылышылардың жеке істері әскерге шақыру аяқталғаннан кейін архивке беріледі, онда әскерге шақырылышының есепке алу карталарымен бірге сақталады;

5) есептік-әліпбилік кітапта жеке істі сақтау орны туралы белгі жасалады;

6) ҚР ҚМ АЖ-дағы электрондық есепке алу карточкасында әскери есептен шығару және жеке істі сақтау орны туралы белгі жасалады.

52. Әскери, арнайы оқу орындарына қабылданған әскерге шақырылышыларды әскери есептен шығару әскери, арнайы оқу орындары бастықтарының бұйрықтарынан үзінділер негізінде мынадай іс-шараларды орындаумен жүргізіледі:

1) әскерге шақырылышының есепке алу картасында әскери, арнайы оқу орнының атауын, қабылданған күнін, әскери, арнайы оқу орны бастығының оқуға қабылдау туралы бұйрығының нөмірін көрсетіп, әскери, арнайы оқу орнына қабылдау туралы жазба жазылады;

2) есептік-әліпбилік кітапта әскери, арнайы оқу орнының атауын, қабылданған күнін, әскери, арнайы оқу орны бастығының оқуға қабылдау туралы бұйрығының нөмірін көрсетіп, әскери, арнайы оқу орнына қабылдау және жеке істі сақтау орны туралы жазба жазылады;

3) әскери, арнайы оқу орындарына қабылданған әскерге шақырылышылардың жеке істері архивке беріледі;

4) әскерге шақырылышыларды әскери есепке қабылдау және әскери есептен шығару жөніндегі іске аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сы лауазымды адамының әскери есептен шығару туралы белгісі бар әскери, арнайы оқу орындары бастықтарының бұйрықтарынан үзінділер тігіледі;

5) ҚР ҚМ АЖ-дағы электрондық есепке алу карточкасында әскери есептен шығару және жеке істі сақтау орны туралы белгі жасалады.

53. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеу үшін сотталған әскерге шақырылышыларды әскери есептен шығару сот органдарының жазбаша хабарламалары негізінде жүргізіледі.

Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына соттылығы туралы хабарлама келіп түскен кезде картотекадан сотталған адамның жеке ісі алынады. Әскерге шақырылышының есепке алу картасында және есептік-әліпбилік кітапта соттың атауын, шешім шығарылған күнді, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бабын және әскерге шақырылышыны жазалау мерзімін көрсетіп, әскери есептен шығару туралы белгі жазылады. Үкімнің көшірмесі немесе сот органының хабарламасы әскерге шақырылышының жеке ісіне тігіледі, ол архивке беріледі және ол 27 жасқа толғанға дейін сақталады.

Есептік-әліпбилік кітапта жеке істі сақтау орны туралы белгі жасалады.

54. Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында (бұдан әрі – Министрліктің мамандандырылған ұйымдары) ақылы негізде әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша білім алған әскерге шақырылышылар тұрғылықты жері бойынша ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына әскери міндеттілердің әскери есебіне беріледі.

Министрліктің мамандандырылған ұйымдары осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша даярлықтың толық курсынан өткен әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышылардың атаулы тізімін және мамандандырылған білім беру ұйымының тиісті мөрімен куәландырылған әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтағаны туралы сертификаттың көшірмесін (бұдан әрі – сертификат) оку аяқталған сәттен бастап 3 күннен кешіктірмей тұрғылықты жері бойынша ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына жолдайды.

Ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы әскерге шақырылышылардың атаулы тізімін және сертификаттарының көшірмелерін алған кезде оларды әскери міндеттілердің әскери есебіне береді, электрондық есепке алу карточкасын толтырады және әскерге шақырылышылардың жеке істеріне және есептік-әліпбилік кітапқа өзгерістер енгізеді.

55. Запастағы офицерлер мен сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен азаматтар тұрғылықты жері бойынша ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына запастағы офицерлер мен сержанттардың әскери есебіне беріледі.

Әскери кафедралар:

1) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен және оқуды бітіру емтихандарын тапсырған азаматтарға:

осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша даярлықтан өткен азаматтардың атаулы тізімін жасайды және мынадай негізгі құжаттарды қамтитын офицердің жеке ісін қалыптастырады: қызметтік карта, нөмір бойынша есепке алу карточкасы, жетон, аттестаттау парагы, офицер атағын беруге ұсыным, мінездеме, офицер атағын беру туралы бұйрықтан үзінді, жоғары оқу орнын аяқтау туралы дипломның көшірмесі (нотариат растиған);

офицер атағын беру туралы бұйрықтан үзінділерді алған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей атаулы тізімді және жеке істерді оқу орнының орналасқан жері бойынша астананың, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың қорғаныс істері департаменттеріне жолдайды;

2) запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен азаматтарға:

осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша даярлықтан өткен азаматтардың атаулы тізімін жасайды;

оқу орнының орналасқан жері бойынша "Запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын аяқтаған азаматтарға "кіші сержант" ("медицина қызметінің кіші сержантты") әскери атағын беру туралы" астананың, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың қорғаныс істері департаменті бастығы бұйрығының жобасын (бұдан әрі – бұйрық жобасы) әзірлейді;

азаматтар әскери кафедраны бітірген сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кеш емес мерзімде атаулы тізімді, бұйрық жобасын (мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық және қағаз түрінде), оқу орны ректорының әскери кафедраға қабылдау туралы бұйрығынан үзіндіні және әскери кафедрада оқуды бітіру емтихандарын тапсыру хаттамасынан үзіндіні (мөрмен расталған) оқу орнының орналасқан жері бойынша астананың, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың қорғаныс істері департаментіне жолдайды;

Қорғаныс істері департаменттері:

1) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен және оқуды бітіру емтихандарын тапсырған азаматтарға:

әскери кафедралардан тиісті құжаттарды алған кезде олардың бар болуын және дұрыс ресімделуін тексереді;

дәлсіздік анықталған не қате болған жағдайда құжаттарды әскери кафедраға қайтарады;

КР ҚМ АЖ-ның электрондық есепке алу карточкаларына тиісті мәліметтерді енгізеді;

жеке істерді архивке сактауға береді;

2) запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен азаматтарға:

белгіленген құжаттарды алған кезде олардың бар болуын және дұрыс ресімделуін тексереді;

дәлсіздік анықталған не қате болған жағдайда құжаттарды әскери кафедраға қайтарады;

тиісті атақтар беру туралы бүйректар шығарады;

ҚР ҚМ АЖ-ның электрондық есепке алу карточкаларына тиісті мәліметтерді енгізеді, ал растау құжаттарын жеке іске тігеді және архивке сақтауға береді;

ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы ҚР ҚМ АЖ-дан азаматтардың әскери кафедраларды бітіргені және оларға әскери атақ берілгені туралы хабарламаны алған кезде оларды тиісті құрамдағы әскери міндеттілердің әскери есебіне береді және негізгі есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізеді.

Қажет болған кезде, запастағы офицерлер немесе сержанттар бағдарламалары бойынша даярлықтан өткенін растау үшін азаматтарға олардың өтініші бойынша оқу орындарының әскери кафедралары осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама береді.

56. Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды деп танылған әскерге шақырылышылардың әскери есебінен әскери міндеттілердің есебіне беру облыстық әскерге шақыру комиссиясының шешімімен расталған аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының шешімі негізінде жүргізіледі.

Осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстық әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабынан үзінді ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды теп тану туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады.

Облыстық әскерге шақыру комиссиясының хаттамасынан үзінді алғаннан кейін әскерге шақырылышыларды әскери міндеттілердің есебіне беру кезіндегі ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО жұмысының кезеңділігі:

1) осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиялары хаттамасынан үзінді ресімделеді;

2) әскерге шақырылышының есепке алу картасының 5-бөлімінде беру туралы тиісті белгі қойылады;

3) аудандық (қалалық) және облыстық әскерге шақыру комиссиясының хаттамалар кітабынан үзінділері бар жеке істер әскери міндеттілерді есепке алу бөлімшесіне ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығы бекіткен акті бойынша беріледі;

4) есептік-әліпбилік кітаптың 8-бағанында аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясы хаттамасының күні мен нөмірі көрсетіледі;

5) ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығының "қатардағы жауынгер" әскери атағын беру туралы бүйрек шығарылады;

- 6) ҚР ҚМ АЖ-дағы электрондық есепке алу карточкасына тиісті жазба жасалады;
- 7) әскери міндеттілер есебіне алынған әскерге шақырылышылардың есепке алу карталары белгіленген тәртіппен архивке сақтауға тапсырылады;
- 8) есептік-әліпбилік кітаптың 9-бағанында әскерге шақырылышының есепке алу картасын сақтау орны туралы жазба жасалады.

Әртүрлі себеппен 27 жасқа толғаннан кейін мерзімді әскери қызметке шақырылмаған әскерге шақырылышылар әскери міндеттілер есебіне беріледі.

Әскерге шақырылышыларды 27 жасқа толғаннан кейін әскери міндеттілердің есебіне беру кезіндегі ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО жұмысының кезеңділігі:

- 1) әскерге шақырылышының есепке алу картасының 5-бөлімінде беру туралы тиісті белгі қойылады;
- 2) жеке істер әскери міндеттілерді есепке алу бөлімшесіне ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығы бекіткен акті бойынша 7 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі;
- 3) есептік-әліпбилік кітаптың 8-бағанында әскерге шақырылышылардың жеке істерін беру актісінің күні мен тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығының "қатардағы жауынгер" әскери атағын беру туралы бұйрығы шығарылады;
- 5) ҚР ҚМ АЖ-дағы электрондық есепке алу карточкасына тиісті жазба жасалады;
- 6) әскери міндеттілер есебіне алынған әскерге шақырылышылардың есепке алу карталары белгіленген тәртіппен архивке сақтауға тапсырылады;
- 7) есептік-әліпбилік кітаптың 9-бағанында әскерге шақырылышының есепке алу картасын сақтау орны туралы жазба жасалады.

57. Мерзімді әскери қызметке шақырудан босату үшін негіз болған құжаттар салынған аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен әскери міндеттілер есебіне берілген әскерге шақырылышылардың есепке алу картасы әліпби бойынша қойылады, істер ресімделеді, олар 10 жыл бойы сақталады.

27 жасқа толғаннан кейін әскери міндеттілердің есебіне берілген әскерге шақырылышылардың есептік карталары әліпби бойынша қойылады, істер ресімделеді, олар 2 жыл бойы сақталады.

58. ЖӘБО жоқ елді мекендерде әскерге шақырылышыларды әскери есепке алушы әкімдер осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери есепте тұрган әскерге шақырылышылар тізімі бойынша қамтамасыз етеді.

59. Әскери есепке алушы қамтамасыз ету үшін әкімдер:

- 1) жыл сайын ақпанда және тамызда ЖӘБО-мен әскерге шақырылышылардың тізімін салыстырады;

2) әскерге шақырылышыларды ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына шақырту туралы хабардар етеді және олардың осы шақырту бойынша көрсетілген пункттерге және мерзімде уақтылы келуіне жәрдемдеседі;

3) әскерге шақырылышылардың тізіміне білімі, жұмыс орны, лауазымы, отбасы жағдайы туралы өзгерістер енгізеді және ол туралы ай сайын 25-і күніне қарай ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына хабарлайды;

4) жыл сайын 1 қыркүйекке дейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына 15-16 жастағы азаматтардың тізімін, ал 1 желтоқсанға дейін – әскерге шақыру участелеріне тіркеуге жататын азаматтардың тізімін ұсынады;

5) азаматтарға әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді түсіндіреді және олардың осы Қағидаларда белгіленген нормаларды сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

5-тaraу. Әскери міндеттілерді есепке алу

60. Мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында ЖӘБО электрондық есепке алу карточкаларын басып шығарады және тиісті есепке алу картотекасына салып қояды.

61. Бейбіт уақытта әскери билеттер:

1) ЖӘБО-да Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметкес немесе әскери жиынға шақыру кезінде;

2) оларды қабылдаған кезде әскери, арнайы оқу орындары;

3) ЖӘБО осы Қағидалардың 77-тarmaғына сәйкес:

әскери қызметтен не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған және әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткөрген;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және әскери қызмет не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткөрген және әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткөрген;

бұрын әскери (балама) қызмет не құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткөргендегер қатарынан басқа мемлекеттерден келген және Қазақстан Республикасының азаматтығын алған;

әскери атағы қалпына келтірілген және әскери қызмет не құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткөрген азаматтарға беріледі.

ЖӘБО олардың сұрау салуы бойынша оқуға түсken азаматтарды қамтамасыз ету үшін қажетті санда әскери, арнайы оқу орындарына сержанттар, сарбаздар әскери билеттерінің бланкілерін береді.

Әскери, арнайы оқу орындары сержанттар, сарбаздар әскери билеттерінің бланкілерін осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес беру ведомосы бойынша білім алып жатқан азаматтарға береді.

Беру ведомосы 2 данада жасалады, оның екінші данасы берілмеген (бұлінген) әскери билеттер бланкілерімен бірге берілген сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей ЖӘБО-ға жолданады.

Әскери қызмет, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткермеген азаматтарға мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында заңнамада белгіленген тәртіппен әскери билеттер беріледі.

62. Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы, оның әскери есепте тұруы туралы және әскери қызмет, оның ішінде жеңілдікті кезеңде өткеруін растау туралы мәліметтер "электрондық үкімет порталында" азаматтың "жеке кабинетінде" көрсетіледі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету арқылы басқа да мемлекеттік органдардың (сұрау салу бойынша) ақпараттық жүйесіне беріледі.

"Жеке кабинетте" дұрыс көрсетілмеген мәліметтер анықталған жағдайда не олар болмаған кезде азаматтың осы Қағидалардың 79-тармағына сәйкес "Әскери қызмет жөніндегі мәліметтерді өзектілендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қыметін алу үшін өтініш жасауға мүмкіндігі бар.

63. Мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында ЖӘБО жоқ ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері:

1) жұмылдыру бойынша әскерге шақыру үшін арналған әскери міндеттілердің тізімін жүргізеді;

2) ай сайын 25-і күніне қарай ЖӘБО-мен жұмылдыру бойынша әскерге шақыру үшін арналған әскери міндеттілердің тізімін салыстырады;

3) әскери міндеттілерді ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына шақырту туралы хабардар етеді және олардың осы шақырту бойынша көрсетілген пунктке және мерзімде уақытылы келуіне жәрдемдеседі;

4) азаматтарға әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді түсіндіреді және олардың осы Қағидаларда белгіленген нормаларды сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

64. Арналған әскери міндеттілердің тізімі мен шақырту қағаздары бөгде адамдардың қолжетімділігін болдырмайтын сейфтерде (темір шкафтарда) сақталады.

6-тарау. Занды тұлғалардың әскери есепке алуды жүргізуі

65. Занды тұлғалардың әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышыларды әскери есепке алуды жүргізуі жеке карточкалар бойынша жүзеге асырылады. Әскерге шақырылышыларға қосымша осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мерзімді әскери қызметке даярлауға жататын азаматтардың тізімі жүргізіледі.

66. Занды тұлғалардың әскери есепке алуды жүзеге асыруы үшін бірінші басшының шешімімен әскери есепке алуды жүргізуге жауапты адамдар айқындалады, оларға:

1) жұмысқа (окуға) қабылданатын азаматтардың әскери есепте тұруын айқындау. Әскери есептен шығарылған адамдардан басқа, әскери есепте тұрмаған әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылар оларды тұрғылықты жері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына әскери есепке қойғаннан кейін жұмысқа (окуға) қабылданады;

2) жұмыс істейтін (білім алатын) азаматтарды толық және сапалы әскери есепке алуды қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік органдарға және ұйымдарға әскери міндettілерді броньға қоюды ресімдеу;

4) азаматтарға шақырту бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына уақтылы келуге мүмкіндік беру;

5) осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери міндettілерді, әскерге шақырылушыларды әскери есепке алудың және броньға қоюдың жай-күйін тексеру журналын жүргізу жүктеледі.

Қызмет саласы жұмыс тегі бойынша олардың қызметкерлерінің ұдайы жүріп тұруына, сондай-ақ теңіз және өзен кемелерінде қызмет етуіне байланысты занды тұлғалар осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылардың қосымша тізімін жүргізеді.

Көрсетілген тізім шынайы жай-күйде болуға және ол ЖӘБО-ның сұрау салуы бойынша 1 күннің ішінде ұсынылуға тиіс.

67. Әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылардың жұмысқа қабылдануы (одан шығарылуы) туралы мәліметті ЖӘБО көрсетілген бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органдардың ақпараттық жүйесінен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесімен өзара іс-кимылды қамтамасыз ету арқылы алады.

7-тaraу. Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеретін әскери міндettілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу ерекшеліктері

68. Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, сондай-ақ арнайы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын әскери есептен шығару ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2 данада құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардағы лауазымдарға қабылданған азаматтардың атаулы тізімін қоса беріп, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша органдар уәкілетті адамдарының қолдаухаты негізінде жүргізіледі. ЖӘБО-ға қолдаухаттарды жолдауды құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кіру туралы бұйрық шығарылған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы электрондық есепке алу карточкаларында және тиісті әскери есепке алу құжаттарында осы орган басшысы

бұйрығының күні мен нөмірін көрсетіп, құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіруіне байланысты әскери есептен шығару туралы белгі жасайды

Әскерге шақырылушиның жеке ісі архивке беріледі және ол 27 жасқа толғанға дейін сақталады. Электрондық есепке алу карточкасында және есептік-әліпбилік кітапта жеке істі сақтау орны туралы белгі жасалады.

Әскери міндеттілердің жеке істері олардың сұрау салуы бойынша құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарға жолданады.

Атаулы тізімнің бір данасы, ал әскери міндеттілердің жеке істері мен қызметтік карталары сұрау салу келіп түсken сәтten бастап 10 күннен кешіктірілмей қолдаухат жолдаған органдарға жіберіледі.

69. Азаматтарды құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасына шығару кезінде кадрлар бөлімшелері оларға "электрондық үкімет" порталы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтінімді беру арқылы тұрақты тұрғылықты жері бойынша әскери есепке тұру қажеттілігін көрсетіп, осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нұсқама береді.

Құқық қорғау органдарының кадрлар қызметтері оларды қызметтен шығару туралы бұйрық шығарылған сәтten бастап, ал арнаулы мемлекеттік органдардың кадрлар қызметтері оларды жеке құрам тізімінен шығару туралы бұйрық шығарылған сәтten бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік органдар ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы ҚР ҚМ АЖ-ға қызметтен шығарылған (шығарылған) азамат туралы мәліметті жолдайды.

Мемлекеттік ақпараттық жүйе арасында өзара іс-қимыл болмаған кезде осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрам тізімінен шығарылған (шығарылған) азамат туралы мәлімет 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-ға жолданады.

70. Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан шығарылған азаматтар, сондай-ақ оқудан шығарылған және (немесе) келісімшартты бұзған, бірақ 27 жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың арнайы оқу орындарының курсанттары, тыңдаушылары тұрғылықты жері бойынша әскерге шақырылушилардың әскери есебіне қабылданады және одан әрі әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткенге дейін жалпы негіздерде әскери қызметке шақырылады.

Арнайы оқу орындарынан шығарылған, сондай-ақ қызмет өткери туралы келісімшарт жасаудан бас тартқан қызметкерлер, егер олар мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермесе, тұрақты тұрғылықты жері бойынша әскери есепке қою үшін жіберіледі және одан әрі жалпы негіздерде әскери қызметке шақырылады.

71. ЖӘБО-да Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған қызметкерлер мен әскери қызметшілерді әскери есепке алуды жүргізу негізгі есепке алу құжаттарын жеке картотекаларға бөлумен жүргізіледі.

8-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету

72. Министрлік ЖӘБО арқылы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) мынадай мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

әскери міндеттілерге әскери билеттер немесе олардың телнұсқаларын беру;

әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышыларды әскери есепке қою;

әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету).

73. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) портал арқылы электрондық нысанда өтініш жасайды

74. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куэландыратын құжаттар туралы, туу туралы, некеге тұру туралы, балаларының туу туралы, тұрғылықты жері немесе уақытша болатын орны бойынша тіркелуі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші аталған құжаттардан басқа, графикалық файл түріндегі көлемі 30x40 миллиметр цифрлық фотосуретті алады

75. Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алған күнін көрсетіп, өтініштің қабылданғаны туралы не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдаудан бастартылғаны туралы хабарламаны жолдайды.

76. Көрсетілетін қызметті берушілер бір реттік пароль беру немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтінді хабарлама жолдау арқылы "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланыс абоненттік нөмірі арқылы берілген құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды алады.

77. "Әскери міндеттілерге әскери билеттер немесе олардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери билет немесе оның телнұсқасын беруге өтініш береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін,

мемлекеттік қызмет көрсетеу нысанын, мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алышатын төлем мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесін, мемлекеттік қызметті көрсетеу үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі нысанында жазылған.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түсken күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушиның құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы мемлекеттік қызметті көрсетеу мерзімі аяқталғанға дейін 2 жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесі запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билет немесе оның телнұсқасын беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін қызмет көрсетеу мерзімі аяқталғанға дейін 1 жұмыс күнінен кешіктірмей "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияға (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) жеткізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны алдын ала шешім туралы, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тындау уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тындау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсетеу мерзімі аяқталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тындау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін алу орны туралы ақпаратты жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы (порталға өтініш жасаған кезде, көрсетілетін қызметті алушы таңдаған Мемлекеттік корпорация филиалы арқылы) жүзеге асырылады.

78. "Әскери міндettілер мен әскерге шақырылышыларды әскери есепке қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери есепке қою туралы өтініш береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесін, мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі нысанында жазылған.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушиның құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында әскери есепке қою туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны алдын ала шешім туралы, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тындау уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тындау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тындау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

79. "Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіруге (түзетуге) өтініш береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсете тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсете мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсете нысанын, мемлекеттік қызмет көрсете нәтижесін, мемлекеттік қызметті көрсете кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алышатын төлем мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесін, мемлекеттік қызметті көрсете үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі нысанында жазылған.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушиның құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

ЖӘБО-да әскери қызмет, оның ішінде жеңілдікті кезеңде өткергені туралы мәлімет болмаған кезде сұрау салу тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (архивке), ал қажет болған кезде басқа да мемлекеттерге жолданады.

Бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсете мерзімі кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мерзімнің ұзартылғаны туралы хабардар етумен 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Мемлекеттік қызметті көрсете нәтижесі осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету) туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Жолданған сұрау салу бойынша ақпаратты алғаннан кейін ЖӘБО көрсетілген мәліметті ҚР ҚМ АЖ-сына енгізеді, ал әлеуметтік қолдау алуға ниет білдіретін азаматтар үшін қосымша осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама жолданады.

Мемлекеттік қызметті көрсете нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

80. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын қуәландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен жеке басын қуәландыратын электрондық құжатты (не нотариат растиған сенімхат бойынша оның өкілі) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

81. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызметті көрсете нәтижесін 1 ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті

берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 ай өткеннен кейін өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін 1 жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды жолдайды.

82. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқаруышының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеудің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуі қамтамсыз етеді.

9-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдардың шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану

83. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамайды.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерлері қызмет көрсеткен кезде олардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым оның басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

есепке алу қагидаларына

1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері запастағы офицерінің әскери билеті

**ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБОРОНЫ**



Қазақстан Республикасы
ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ
запастағы офицерінің
ӘСКЕРИ БИЛЕТИ

ВОЕННЫЙ БИЛЕТ
офицера запаса
ВООРУЖЕННЫХ СИЛ
Республики Казахстан

мұқабаның 1-ші беті / стр. 1 обложки

ӘСКЕРИ БИЛЕТ**ВОЕННЫЙ БИЛЕТ**

АА № 000000

/тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)/
 /фамилия, имя и отчество (при его наличии)/

Жеке № _____
Личный

Фотосурет
үшін орын
(көлемі 3x4)

Место для
фотографии

М.О/М.П. _____
 /жеке қолы/
 /личная подпись/

мұқабаның 2-ші беті /стр. 2 обложки

АА № 000000

1. Тұған жылы, айы, күні және жері, _____

Число, месяц, год и место рождения

2. Ұлты _____
 Национальность (қалауы бойынша көрсетілсін)
 3. Әскери билет берілді _____
 Военный билет выдан

(ҚІБ (Б) аты) (наименование У(О)ДО)

(аудан, қала, облысы) (район, город, область)
 КІБ (Б) бастығы
 Начальник У(О)ДО

М.О/М.П.

(әскери атағы) (воинское звание)

АА № 000000

4. Білімі:

Образование:

а) жалпы немесе арнайы
общее или специальное

б) әскери
военное

АА № 000000

5. Әскери атағы _____
 Воинское звание

от 20 ____ ж/г. «____» № ____
 бүйрекімен берілді/присвоено приказом

6. ӘОЕМ № _____ I _____ I _____
 ВУС

7. Бейін атауы
 Наименование профиля _____

8. Разряд запасы I _____ I _____ I _____ I _____
 Запас разряда

9. Әскери антты 20 ____ ж/г. «____»
 қабылдады Военную присягу принял

3-бет / стр. 3

АА № 000000

10. Қазақстан Республикасының Қарулы
Күштерінде қызмет өткериуі
Прохождение службы в Вооруженных Силах
Республики Казахстан

Лауазымдардың атауы Наименование должностей	Кай уақыттан бастап С какого времени	Кай уақытқа дейін По какое время

АА № 000000

11. Жауынгерлік іс-кимылдарға катысуы
(кайда, қашан, және қандай лауазымда)
Участие в боевых действиях (где, когда и в какой
должности)

7-бет / стр. 7

АА № 000000

12. Запасқа немесе отставкаға шығарылды
Уволен в запас или отставку
(асты сзысылын/подчеркнуть)

бұйрығымен/приказом

(КІБ (Б) бастығының қолы)
(подпись начальника У(О)ДО)

М.О/М.П. 20 ____ ж/г. « ____ »

АА № 000000

13. Кейиннен кезекті әскери атақтар беру
Последующее присвоение очередных воинских
званий

Әскери атақ _____
Воинское звание

от 20 ____ ж/г. « ____ » № ____ бұйрығымен
берілді/присвоено приказом

Колы _____
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)
М.О/М.П.

Әскери атақ _____ / присвоено
Воинское звание
приказом _____
от 20 ____ ж/г. « ____ » № ____ бұйрығымен
берілді

Колы _____
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)
М.О/М.П.

9-бет / стр. 9

АА № 000000

Әскери атақ _____ / присвоено
Воинское звание
приказом _____
от 20 ____ ж/г. «____» ____ № ____ бұйрығымен
берілді

Көлі
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)
М.О/М.П.

Әскери атақ _____ / присвоено
Воинское звание
приказом _____
от 20 ____ ж/г. «____» ____ № ____ бұйрығымен
берілді

Көлі
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)
М.О/М.П.

9 10-бет / стр 9 10

АА № 000000

14. Запаста қызмет өткериү
Прохождение службы в запасе

Прошел сборы в 20 ____ ж/г.
при _____ жанында
(бөлімнің атауы) (наименование части)

Лауазымы _____
По должности _____

ӨЗЕМ _____
ВУС
бойынша «____» күндей/дней/ жиыннан өтті

Көлі
Подпись _____
(лауазымы, әскери атағы)
(должность, воинское звание)
М.О/М.П.

11, 12, 13, 14, 15-беттер / стр. 11, 12, 13, 14, 15

АА № 000000

15. Жұмылдыру нұсқасын беру және алу туралы белгі
Отметка о выдаче и изъятии мобилизационного
предписания

16, 17, 18, 19, 20, 21-беттер/стр.16, 17, 18, 19, 20, 21

АА № 000000

16. Карулы Күштерге әскерге шақыру туралы және
лауазымға тағайындау туралы белгі
Отметка о призывае в Вооруженные Силы и
назначении на должности

20__ ж/т. «__» ____ Карулы Күштерге
әскерге шақырылды/призван в Вооруженные Силы

(КІБ(Б) атауы) (наименование У(О)ДО)

(аудан, қала, облыс) (район, город, обл.)
и зачислен в команду № _____ командаға
қабылданды

Төлкүжат (куәлік) _____
Паспорт (удостоверение)

(тапсырылды, тапсырылған жок) (сдан, не сдан)

Жеке нөмірі _____
Личный номер (берілді, берілген жок)
(вручен, не вручен)

Қолы _____
Подпись (лауазымы, әскери атагы)
(должность, воинское звание)

М.О./М.П.

22-бет / стр. 22

АА № 000000

Тағайындалды _____
Назначен

20__ ж/т. «__» ____ приказ № ____
бүйрек

М.О/М.П. _____
(қолы/подпись)

Тағайындалды _____
Назначен

20__ ж/т. «__» ____ приказ № ____
бүйрек

М.О/М.П. _____
(қолы/подпись)

Тағайындалды _____
Назначен

20__ ж/т. «__» ____ приказ № ____
бүйрек

М.О/М.П. _____
(қолы/подпись)

23-бет / стр. 23

АА № 000000

17. Ерекше белгілер
Особые отметки

24, 25-беттер / стр. 24, 25

АА № 000000	АА № 000000				
<p>18. Отбасы жағдайы және отбасы құрамы Семейное положение и состав семьи (зайбының тегі, аты және экесинің аты, балаларының аттары, тұған күні, айы мен жылы) (фамилия, имя и отчество жены, имена, число, месяц и год рождения детей)</p>	<p>19. Эскери есепке қабылдау Прием на воинский учет</p>				
<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 50%;"> <p>Есепке қабылданды Принят на учет 20 __ ж/г. « ____ » _____ облысы/области _____ КІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Колы _____ Подпись М.О./М.П.</p> </td> <td style="width: 50%;"> <p>Есепке қабылданды Принят на учет 20 __ ж/г. « ____ » _____ облысы/области _____ КІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Колы _____ Подпись М.О./М.П.</p> </td> </tr> <tr> <td colspan="2"> <p>Есепке қабылданды Принят на учет 20 __ ж/г. « ____ » _____ облысы/области _____ КІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Колы _____ Подпись М.О./М.П.</p> </td> </tr> </table>		<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20 __ ж/г. « ____ » _____ облысы/области _____ КІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Колы _____ Подпись М.О./М.П.</p>	<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20 __ ж/г. « ____ » _____ облысы/области _____ КІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Колы _____ Подпись М.О./М.П.</p>	<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20 __ ж/г. « ____ » _____ облысы/области _____ КІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Колы _____ Подпись М.О./М.П.</p>	
<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20 __ ж/г. « ____ » _____ облысы/области _____ КІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Колы _____ Подпись М.О./М.П.</p>	<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20 __ ж/г. « ____ » _____ облысы/области _____ КІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Колы _____ Подпись М.О./М.П.</p>				
<p>Есепке қабылданды Принят на учет 20 __ ж/г. « ____ » _____ облысы/области _____ КІБ (Б) У(О)ДО</p> <p>Колы _____ Подпись М.О./М.П.</p>					
26-бет / стр. 26	27, 28, 29, 30, 31-беттер / стр. 27, 28, 29, 30, 31				

АА № 000000	
<p>20. Эскери есептен шығарылғаны туралы белгі Отметка об исключении с воинского учета</p> <p>20 __ ж/г. « ____ » _____ (аудан, қала, облысы/район, город, область)</p> <p>КІБ (Б) есепбін алынды Исключен с учета _____ У(О)ДО (есептен шығару себебі мен негізі) (причина исключения с учета и основание)</p> <p>Колы Подпись _____ (лауазымы, эскери атағы) (должность, воинское звание)</p> <p>М.О/М.П.</p> <p>20 __ ж/г. « ____ » _____</p>	
32-бет стр. 32	

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әмблемасы (сары жиегі және жұлдыздың ортасында сары түсті шұғылалы күн бейнесі бар қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз, сары түсті қалықтап ұшқан қыран) көлемі – 3,8 x 3,8 см бедерлі белгі түрінде әрбір беттің ортасында тұрады.



Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылуыштарды әскери
есепке алу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Әскери билет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН



мұқабаның 4-ші беті / стр. 4 обложки

ӘСКЕРИ БИЛЕТ

ВОЕННЫЙ БИЛЕТ

ҚОРГАНЫС МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБОРОНЫ

мұқабаның 1-ші беті / стр. 1 обложки

ӘСКЕРИ БИЛЕТ
ВОЕННЫЙ БИЛЕТ
AA № 0000000

Тегі/Фамилия _____
Аты/Имя _____

Әкесінің аты (ол бар болған кезде) /Отчество (при его наличии) _____

Тұған күні, айы, жылы /
День, месяц, год рождения _____

Иесінің өз қолы/Личная подпись владельца

Берілді/Выдан _____
(кім, каштан кем, когда)

20 ____ ж. « ____ » ____

фото сурет
үшін орын

(көлемі 3x4)
подпись

M.O.

1. Жалпы мәліметтер/Общие сведения

1. Тұған жері/Место рождения _____

(аудан, аудан, ылда, облыс/область, район, город, область)

2. Үлтты/Национальность _____

3. Білімі/Образование _____

4. Мамандығы/Специальность _____

5. Партияға, көғамдық бірлестікке катысы/Принадлежность к партии,
общественному объединению

6. Отбасы жағдайы/Семейное положение _____

АА № 0000000			
2. Әскери қызметке қатысы/ Отношение к воинской службе			
<p>7. Әскери қызметке шакыру (запаска шығару) туралы белгі/Отметка о призыва на воинскую службу (передаче в запас)</p> <p>(әскери шамшы комиссияның көрінісімен жазылған)</p> <p>Болынған үйерлік, заңдаған шығарылған күн/</p> <p>записческих признавшей комиссией и дата направления</p> <p>в воинскую часть, передачи в запас)</p> <p>M.O. М.П. <small>(заты, коль/запись, подпись)</small></p> <p>Келісімшарт бойынша қызметке айқындау туралы белгі (жұмылдыру бойынша әскери қызметке шакыру туралы белгі)/Отметка об определении на службу по контракту (о призыва на воинскую службу по мобилизации)</p> <p>M.O. М.П. <small>(заты, коль/запись, подпись)</small></p> <p>Келісімшарт бойынша қызметке айқындау туралы белгі (жұмылдыру бойынша әскери қызметке шакыру туралы белгі)/Отметка об определении на службу по контракту (о призыва на воинскую службу по мобилизации)</p> <p>M.O. М.П. <small>(заты, коль/запись, подпись)</small></p>			
9. 20 ___ ж. « ___ » негізінде на основании			
<p>запаска шығарылды (босатылды) және жіберілді уволен (демобилизован) в запас и направлен</p> <p>20 ___ ж. « ___ » белгіленген орынға келуте және әскери есепке тұрута міндетті/ к месту назначения обязан прибыть и встать на воинский учет</p> <p>M.O. М.П. <small>(заты, коль/запись, подпись)</small></p> <p>20 ___ ж. « ___ » негізінде на основании</p> <p>запаска шығарылды (босатылды) және жіберілді уволен (демобилизован) в запас и направлен</p> <p>20 ___ ж. « ___ » белгіленген орынға келуте және әскери есепке тұрута міндетті/ к месту назначения обязан прибыть и встать на воинский учет</p> <p>M.O. М.П. <small>(заты, коль/запись, подпись)</small></p> <p>20 ___ ж. « ___ » негізінде на основании</p> <p>запаска шығарылды (босатылды) және жіберілді уволен (демобилизован) в запас и направлен</p> <p>20 ___ ж. « ___ » белгіленген орынға келуте және әскери есепке тұрута міндетті/ к месту назначения обязан прибыть и встать на воинский учет</p> <p>M.O. М.П. <small>(заты, коль/запись, подпись)</small></p>			

АА № 0000000			
10. Әскери қызметті еткеру/Прохождение воинской службы			
<p>Әскери белімнің атауы, штат бойынша лауазымы және техника түрі/ Наименование войинской части, должность и тип техники по штату</p>	<p>ӨЕМ нөмірі/ Номер ВУС</p>	<p>Әскери белім тізіміне есепке алынған күн және бүйіркытын №/ Дата зачисления в списки войинской части и № приказа</p>	<p>Әскери белім тізімінен шығарылған жоне техника түрі/ Наименование войинской части, должность и тип техники по штату</p>
АА № 0000000			
<p>Әскери белімнің атауы, штат бойынша лауазымы және техника түрі/ Наименование войинской части, должность и тип техники по штату</p>	<p>ӨЕМ нөмірі/ Номер ВУС</p>	<p>Әскери белім тізіміне есепке алынған күн және бүйіркытын №/ Дата зачисления в списки войинской части и № приказа</p>	<p>Әскери белім тізімінен шығарылған жоне техника түрі/ Наименование войинской части, должность и тип техники по штату</p>

АА № 0000000			
6			
Эскери белімнің атауы, штат бойынша лауазымы және техника түрі/ Наименование воинской части, должность и тип техники по штату	ӨЕМ немірі/ Номер ВУС	Эскери белім тізіміне есепке алғынан күн және бұйрыктың №/ Дата зачисления в списки воинской части и № приказа	Эскери белім тізімінен шыгарылған күн және бұйрыктың №/ Дата исключения из списков воинской части и № приказа

3. Қару-жарақ пен техникалық мұлік/ Вооружение и техническое имущество			
7			
Кару-жарақ пен техникалық мұлік атауы/ Наименование вооружения и технического имущества	Уақыт / Время		
	беру/выдача	кайта алу/сдача	
саны/ кол-во	күні/ дата	саны/ кол-во	күні/ дата

4. Оқу-жаттығу жындарынан немесе әскери даярлықтан ету/Прохождение учебных сборов или военной подготовки

Кай жылы/ В каком году	Канша күн/ Сколько дней	Қай а/б, белім беру дыбыны жаңында/При какой в/ч, организации образования	Қандай лауазымда және техника түрінде/ На какой должности и тип техники	ӨЕМ №/ № ВУС

АА № 0000000

8

11. Әскери аяты/ Военную присягу 20 __ ж. «__» _____

қабылдады
(әскери белімнің атауы /наименование воинской части)

M.O. Әскери белім штабының бастыры/
M.P. Начальник штаба воинской части

(стема, күтіп/запись, подпись)

12. Жауынгерлік іс-кимологиярында катысу тураалы белгі/Отметка об участии в боевых действиях

13. Соғыс уақытында пайдалану туралы корытынды/Заключение об использовании в военное время

14. Мемлекеттік наградалармен, кеуде белгілерімен, құнды сыйлыктармен наградтау/Награждении государственными наградами, нагрудными знаками, ценностями подарками

9

15. Әскери атактар мен мамандыры бойынша сыйынтылыш беру/Присвоение воинских званий и классности по специальности

Әскери атағы, сыныптылымы/Воинское звание, классность	Бұйрыктың күні және немірі/Дата и номер приказа	Қолы, мері/Подпись, печать

5. Запастағы қызмет/Служба в запасе

16. Есепке алу санаты/Категория учета	17. Есепке алу тобы/ Группа учета	18. Құрамы/Состав

19. ӨЕМ немірі мен коды, лауазымы және ерекше қызмет белгілері/Номер и код ВУС, должности и особых признаков службы

20. Laуазымының және әскери-есептік мамандығының атауы (лауазымдық біліктілігі)/Наименование должности и военно-учетной специальности (должностная квалификация)

AA № 0000000

10

6. Ерекше белгілер / Особые отметки




AA № 0000000

11

7. Жұмылдыру нұсқамасын беру және алу туралы
белгілер/Отметки о выдаче и изъятии мобпредписаний

Жұмылдыру нұсқамасы берілді/
Выдано мобпредписание

Жұмылдыру нұсқамасы алынды/
Изъято мобпредписание




AA № 0000000

12

Жұмылдыру нұсқамасы берілді/
Выдано мобпредписание

Жұмылдыру нұсқамасы алынды/
Изъято мобпредписание




AA № 0000000


13


8. Әскери есепке қабылдау және есептен алу /
Прием на воинский учет и снятие с учета

Есепке қабылданды/
Принят на учет

Есептен алынды /
Снят с учета



AA № 0000000	
Есепке кабылданды/ Принят на учет	Есептен алынды / Снят с учета
	

AA № 0000000	
Есепке кабылданды/ Принят на учет	Есептен алынды / Снят с учета
	

АА № 0000000	
Есепке кабылданды/ Принят на учет	Есептен алынды / Снят с учета 16
9. Эскери міндettіліктен босату туралы белгі/ Отметки об освобождении от воинской обязанности	
21. _____	
Эскерге шакыру комиссиясының корытындысы шыгарылған күні/дата, заключение призывной комиссии	
М.О. М.П. _____ <small>(заты, жолы/имя, подпись)</small>	
22. Эскери есептен шығарылды/Исключен с воинского учета	
20 ____ ж. «____» _____	
шекті жасқа жетуіне байланысты/за достижением предельного возраста	
М.О. М.П. _____ <small>(заты, жолы/имя, подпись)</small>	
 мұқабаның 3-ші беті/ /стр.3 обложки	
 мұқабаның 3-ші беті/ /стр.3 обложки	

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің эмблемасы (сары жиегі және жұлдыздың ортасында сары түсті шұғылалы күн бейнесі бар қызыл түсті бес бұрышты жұлдыз, сары түсті қалықтап ұшқан қыран) көлемі – 3,8 x 3,8 см бедерлі белгі түрінде әрбір беттің ортасында тұрады.



Эскери міндettілер мен әскерге
шақырылуыштарды әскери
есепке алу қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Әскерге шакыру участкесіне тіркеу туралы күәлік



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ
әскерге шақыру участкесіне тіркеу туралы
КҮӘЛІК

УДОСТОВЕРЕНИЕ
о приписке к призывающему участку
МИНИСТЕРСТВО ОБОРОНЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КР № 000000

направленки на работу после окончания учебных заведений.

Необходимость перемены призывающего участка в период с апреля по июнь и октябрь по декабрь должна быть подтверждена соответствующими документами, представляемыми в управление (отдел) по делам обороны.

4. Граждане Республики Казахстан, приписанные к призывающим участкам, за нарушение Правил воинского учета; за незвук по вызову в управление (отдел) по делам обороны без уважительных причин; за умышленную порчу или небрежное хранение удостоверений о приписке, повлекшее их утрату; за несвоевременное сообщение в учетный орган, где состоят на воинском учете, сведений об изменении адреса места жительства, образования, места работы, должности и незвук на призывающие участки без уважительных причин для приписки несут ответственность в соответствии с действующими законодательными актами.

Әскерге шақыру участкесіне тіркеу туралы
КҮӘЛІК

УДОСТОВЕРЕНИЕ
о приписке к призывающему участку

КР № 000000

(тегі/фамилия,

атта/имя, экзесін аты (оп бар болған кезде) /отчество (при его наличии))

(түгел күн, ай, жыл/число, месяц и год рождения)

« ____ » 20 ____ ж./г.

медицинальық комиссиядан етті және танылды/прошел
медицинскую комиссию и признан _____

Әсерге шақыру участкесіне тіркелді /
Приписан к призывающему участку

Фотокарточка орын/
Место для фотокарточки

МО/МП

КДКБ(Б) бастығы / начальник У(О)ДО

(әскери аттымы, копы / воинское звание, подпись)

КР № 000000

Сәуір-маусым және казан-желтоқсан кезеңінде әскерге шакыру участасын азынтырудың көзінде олардың тұрғындарының үшін; корғаныс істері жениндегі басқармада (білімге) шақырту бойынша делелді себептердің көмегені үшін; тіркеу туралы күзілтердің касақанда булдирғені немесе олардың жоғалтуға жеке соктырган үкімсіздіктердің үшін; әскерге есепте тұратын есепке алу органының тұрғындары және мекенжайының, білімнің, жұмыс орынының, лауазымының өзгергенде туралы уақытлы хабарламаганды және делелді себептердің тіркеу үшін әскерге шакыру участасындағы көмегені үшін қолданыстағы заңнамалық актілерге сәйкес жауапты болады.

Приложение к удостоверению о приписке

1. Удостоверение о приписке является документом призыва - гражданина Республики Казахстан, приписанного к призовому участку.

2. Граждане Республики Казахстан, приписанные на основании Закона Республики Казахстан «О воинской службе и статусе военнослужащих» к призовым участкам, по исполнению 18-летнего возраста являются призывающими.

3. В соответствии с Законом Республики Казахстан «О воинской службе и статусе военнослужащих» призывающие исполняют следующие требования:

1) по направлению управления (отдела) по делам обороны посещать в обязательном порядке учебные организации, военно-технические школы, активно готовить себя к военной службе. Лица, не имеющие среднего образования должны посещать учебные организации, к которым они прикреплены для обучения;

2) по назначению медицинских комиссий управлений (отделов) по делам обороны проходить амбулаторное или стационарное лечение в

КР № 000000

2. ӘСКЕРИ ЕСЕПКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ЕСЕПТЕН АЛУ/ПРИЕМ НА ВОИНСКИЙ УЧЕТ И СНЯТИЕ С ВОИНСКОГО УЧЕТА

Әскери есепке қабылданды / Принят на воинский учет	Әскери есептен шығарылды / Снят с воинского учета

КР № 000000

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР/ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ

1) Тұган жері/Место рождения

2) Ұлты/ Национальность

(жапауы бойшаша көрсетілсін/указать по желанию)

3) Білімі/Образование

4) Азаматтық мамандығы/Гражданская специальность

5) Отбасы жағдайы/Семейное положение

КР № 000000

соответствующих организациях здравоохранения;

3) активно участвовать в работе спортивных обществ и организаций, закалять себя физически, систематически заниматься физкультурой и спортом.

4) при убытии в другую местность на постоянное или временное (на срок свыше трех месяцев) жительство, а в служебные командировки, на учебу в отпуск (на срок свыше трех месяцев) или в случае перемены места жительства с переездом на территорию другого административного района лично являться в управление (отдел) по делам обороны и подавать письменное заявление о снятии с воинского учета.

В течении семи рабочих дней со дня прибытия к новому месту жительства лично являться в управление (отдел) по делам обороны для приема (постановки) на воинский учет.

При изменениях семейного положения, адреса места жительства, образования, места работы и должности в течении семи рабочих дней лично сообщать об этом в военно-учетный орган, в котором призывающий состоит на воинском учете;

